



Бекітемін: *А.А. Буркутали*
мектеп директорының м.а.

«31» тамыз 2023 жыл

Тексерілді: *Г.Ж. Сыдыкова*
М/д оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

«31» тамыз 2023 жыл

Ә/Б отырысында қаралды № 1 хаттама
Ә/Б жетекшісі: *Мосай С.К. Мыктыбаева*

«29» тамыз 2023 жыл

2023 – 2024 оқу жылы

**Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебінің жанындағы
шағын орталық тәрбиешісі Тореева Айман Шонтыбаевнаның
«Балдырған» ересек тобына арналған
перспективалық жоспары**

ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесінің бастапқы деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады (Заңның 30-бабы). Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған. Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды (5-6 жас) тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын дайындау — уақыт сұранысына айналды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Бағдарламаның мазмұны баланың жеке жас ерекшелігінің мүмкіншіліктерін ашуға, бала тұлғасын жан-жақты дамытуға, жалпыадамдық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім жүйесін қалыптастыруға, әлеуметтік ортада оң қатынастарға қабілетті шығармашыл тұлғаны дайындауға бағытталған мектепке дейінгі ересек жас балаларын тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттарын шешуді көздейді.

Бағдарламаның міндеттері:

- ✦ жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау;
- ✦ дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру;
- ✦ жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- ✦ мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- ✦ балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту,
- ✦ әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру;
- ✦ инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану;
- ✦ балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу;
- ✦ балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- ✦ баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады

Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру мынадай негізгі педагогикалық **ұстанымдарға** сүйенеді:

- **мәдени сәйкестілік ұстанымы** – аймақтық, ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарды пайдалану арқылы балалар ұйымының жұмысын мәдени орталық қатынас жасау арқылы ұйымдастыру;

- **тәрбиелей отырып оқыту** – баланың нақты ақыл-ойы мен тәжірибелік әрекетін іске асыра отырып, оның бойына ұйымшылдық, тәртіптілік, ұқыптылық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру;

- **жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктеріне байланысты қатынас жасау** – балалардың жасы мен субъективті тәжірибесіне сәйкес тақырып мазмұны мен жұмыс тәсілдерін таңдау;

- **жүйелілік** – оқу материалын таңдау мен оны дұрыс жеткізу, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын байыту;

- **түсіну мен белсенділік ұстанымы** – балалардың оқу материалын дұрыс түсінуі, қабылдауы мен ақыл-ойының, танымдық үдерісінің дамумәселелерін қарастырады;

- **қызметтік қатынас ұстанымы** – оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бала әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларына танымдық компоненттерді кірістіре отырып жүргізуді көздейді;

- **адамгершілік ұстанымы** – педагогтің бала пікірімен санасып, оның сезімі мен көңіл күйін ескеріп, өзіне тең құқылы серіктес ретінде қабылдай отырып, бойына жоғары адами құндылықтар – отаншылдық, туған жерге деген махаббат сезімін дарыту;

- **көрнекілік ұстанымы** – оқытудың эмоционалдық және көрнекілік технологияларын үйлесімді қолдану арқылы қоршаған әлемді қабылдау мен тануға мүмкіншілік туғызу;

- **креативтілік ұстанымы** – мектепке дейінгі балалардың бойында бұрын қалыптасқан дағдыларын өзіндік іс-әрекет жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін арттыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу. Сол арқылы қалыптан тыс міндеттер мен проблемалық жағдайлардың шешімін өздігінен таба білу қажеттіліктерін қолдап, одан әрі жетілдіруге ынталандыру.

Мектепке дейінгі ересек жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытудың қорытынды **нәтижесі** - үлкендермен және құрдастарымен қалыпты қарым-қатынаста бола алатын, негізгі құзыреттілікті және дене тәрбиесі, салауатты өмір салты негіздерін меңгерген, мектепте оқуға дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама **бес білім беру саласын** қамтиды және мектепте білім алуға бағытталған баланың әлеуеттік мүмкіндігін ашуды көздейді.

Әр саланың мазмұны төмендегідей **құзыреттіліктерді** қалыптастыруға бағытталған:

- **денсаулық сақтау;**

- **коммуникативтік-тілдік;**

- **танымдық;**

- **шығармашылық;**

- **әлеуметтік.**

Бағдарламаның мазмұнын іске асыру – белгілі бір мақсатқа бағытталған, бір-бірімен тығыз байланысты дербес бөлімдерден тұратын білім беру салаларының жұмысын жүргізу болып табылады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық) / Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып
АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ ТОБЫ**

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ

«БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ҚЫРКҮЙЕК

Ай	Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің тақырыптары
ҚЫРКҮЙЕК	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізеді.. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иіледі.. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалатады.. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдатады..</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіре алады, қол мен аяқ қимылын үйлестіріп, бой түзулігін дұрыс сақтайды;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындайды.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: 1) кегли ойындарына белсенді қатысады. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтырады. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру дағдысына ие.</p>
	Қазақ тілі	<p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы біледі; ұжымдық әңгімеге қатысады, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p>

		<p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтады.</p> <p>Фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасқан. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолданады. Сөздік қор.</p> <p>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдерді қолданады..</p> <p>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларына ие.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көреді, олардың әрекеттерін бағалайды, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстырады.; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктері қалыптасқан.</p>
	Математика негіздері	<p>Жиын:</p> <p>1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерге ие;</p> <p>2) заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>1) баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктері қалыптасқан. Өзін-өзі тануға ұмтылысы бар.. Балалар туыстық қатынастарды түсінеді.;</p> <p>2) балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастырады, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптасқан.</p>
	Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіреді, детальдің негізгі түріне желімдейді. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіреді, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын біледі..</p>
	Сурет салу	<p>Заттық сурет салу.</p> <p>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауы дамыған. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасы жетілген.</p>

		Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біледі.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдылары қалыптасқан: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелейді.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: 1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана біледі. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды біледі.
	Музыка	Музыка тыңдау. 1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдайды, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айтады; Өн айту. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдайды, әуенді дұрыс, нақты интонациялайды, сөздерді дәл айту дағдылары қалыптасқан; Музыкалық-ырғақтық қимылдар. -би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларына ие; Билер. Ойындар, хороводтар.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық) / Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып
АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ ТОБЫ**

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ

«БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ҚАЗАН

Ай	Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің тақырыптары
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіреді. Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүреді. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыған. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытады. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыған.
	Қазақ тілі	түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтады. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын біледі.. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі, аталған заттардың қолданылу аясы туралы талқылайды.

	Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтады, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдайды, кейіпкерлеріне жанашырлық танытады..
	Математика негіздері	Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдылары дамыған, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге ынталы.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдылары қалыптасқан . Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай біледі. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктеріне ие. Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасы бар, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды біледі: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуді , оны жақсы орындайды. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге ынталы. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) біледі.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды . Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталы. Қағаздан құрастыру. «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады

	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын береді.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді біледі.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдануды біледі.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқайды. (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту. Балалар мәнерлеп ән айтуға ынталы, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды біледі. (ре-си бірінші октава шегінде). Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындайды.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық) / Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып
АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ ТОБЫ**

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ

«БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ҚАРАША

Ай	Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің тақырыптары
ҚАРАША	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіреді, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіреді. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіреді, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіреді; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдырған. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууды біледі. Тарақты, қол орамалды пайдалана біледі. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға ынталы, ойын ережелерін саналы түрде сақтайды. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда белсенділік танытады..</p>
	Қазақ тілі	<p>түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға ынталы. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі.</p>

	Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалайды, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беруде белсенділік көрсетеді..
	Математика негіздері	Сан, санау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырады, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдары қалыптасан.. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптасқан , «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге ынталы.. 5 көлемінде тура және кері санайды..
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныс. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата біледі, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы біледі. Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қоюды біледі. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киінуді біледі.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарайды, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықтары бар, құрылыс жобасын бірлесіп ойластырады, құрдастар арасында міндеттерді бөліседі, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолданады, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты таңдайды.
	Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерге ие. Заттардың көлемі

		бойынша арақатынасын береді: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
	Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығы артқан . Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданады. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталы.
	Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді.
	Музыка	Музыка тыңдау. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдарды орындайды, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдау дағдысына ие. Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге ыналы. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық) / Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып
АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ ТОБЫ**

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ

«БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ЖЕЛТОҚСАН

Ай	Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің тақырыптары
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектейді; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектейді. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектейді, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектейді. Құрсаудан еңбектеп өтеді. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өтеді; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолданады, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды біледі. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінікке ие. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасын біледі</p>
	Қазақ тілі	<p>қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады; туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтырады. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолданады.</p>

	<p align="center">Көркем әдебиет</p>	<p>Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, сонын ойдан құрастыруға ынталы. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына ынталы.</p>
	<p align="center">Математика негіздері</p>	<p>Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінікке ие. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырады, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстырады.</p>
	<p align="center">Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Заттық әлем. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныс. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата біледі, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) біледі, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы біледі. Еңбекке баулу. Шамасы келетін жұмысты орындайды: бөлме өсімдіктеріне күтім жасайды, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б. Менің Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезіміне ие. Балалар мемлекеттік мерекелерге қатысуға ынталы. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарайды..</p>
	<p align="center">Құрастыру</p>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуге қызығушылықтары бар.</p>
	<p align="center">Сурет салу</p>	<p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салады, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды.</p>

		Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды біледі, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталы. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі.
	Жапсыру	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдейді, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді.
	Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен береді, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіреді. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдайды, музыканың кіріспесін ажыратады, кіріспеден кейін қимылдарды бастайды.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық) / Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып
АҚКЕМЕР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ ТОБЫ**

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ

«БАЛДЫРҒАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

Балалардың жасы: 4 ЖАС

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ҚАҢТАР

Ай	Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің тақырыптары
ҚАҢТАР	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіреді, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіреді. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіредуі, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіредуі; Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанайды; бір-бірін сырғанатады, шанамен төбешікке көтеріледі, төбешіктен түскенде тежейді, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанайды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсінеді, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсінеді.</p>
	Қазақ тілі	өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады;
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолданады. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) байланыстырады.</p>
	Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен танысуға ынталы, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне қызығушылықтары бар.

		Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталы.
	Математика негіздері	Шама Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырады, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстырады, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілейді. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсінеді, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықтары қалыптасқан. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінікке ие, оған ұқыпты қарайды.. Жолда жүру ережелері Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдері қалыптасқан. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларына ие.. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын біледі..
	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыруға қызығады. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталы.
